

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
3-апта (13.06-17.06) «Жаз келді көңілді!»		
«Сабын көпіршіктері күні»	<p>. Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Ең үлкен көпіршік» Мақсаты: Оқу қызметі барысында балалардың сөздік қорын байыту, ой қабілеттерін дамыту. Тәжірибе жасау арқылы сабын көпіршіктері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат сырларын танып білуге баулу. Зерттеу әрекеттерін, құралдарды ұқыптылықпен ұстау дағдыларын қалыптастыру. Тәжірибенің көмегімен алған білімдерін қорытындылай білуге үйрету. Өз беттерімен және бірігіп жұмыс істеуге қарым - қатынастарын қалыптастыру.</p> <p>Д/о: «Ең үлкен көпіршік» Ойын шарты: Ойынға арналған ыдыстағы көпіршіктерді таяқша арқылы үрлеу. Түр- түсін, көлемін салыстыру. Ең үлкен көпіршікті таңдау.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Музыка» Мақсаты: Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес Д/о: Ойын шарты:</p>	13.06
«Теңіздегі тіршілік»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Теңіз түбіндегі таңғажайып тіршілік»</p> <p>Мақсаты: Су асты мекендеушілерін таныу. Балықтар жайлы мағлұмат беру. Балықтар, сегізаяқ, тасбақа туралы т.б . Су асты әлемінің тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. «Алтын балық» ертегісін оқып мазмұндау. Балаларға алтын балықтың ерекшелігі мен ертегі желісіндегі кейіпкерлердің жақсы , жаман қасиеттерін ажырата білуге үйрету.</p>	14.06

	<p>Д/о: «Суреттерді ретіне қарай топтастыр» Ойынның шарты: Суда тіршілік ететін жануарлар мен жерде тіршілік ететін жануарлар суреттері берілген. Осы суреттерді ретіне қарай топтастыру қажет. Ол үшін теңіздің суреті бейнеленген суретке суда тіршілік ететін жануарлар суретін, ал жердің суреті бейнеленген суретке жерде тіршілік ететін жануарлар суретін топтастыру.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу» Тақырыбы: «Теңіз тіршілігіне саяхат» Мақсаты: Су асты мекендеушілерін мүсіндеу, су асты тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін ояту.Ермексазды дұрыс таңдауға,суық және жылы түстерді ажырата білуге,ұқыпты жұмыс істеуге үйрету .Жұмысты бірлесіп істеуге бір-біріне көмектесуге әсімдікке,әдемілікке тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: Ойын шарты: «Алуан түсті балықтарды аулаймыз» Ойынның шарты:Ортада бассейн ішінде балықтар бар.Ортаға екі бала шығады. Екі магнитті қармақпен балықты аулап,шелекке салады.Ойында көп балық аулап, ептілік көрсеткен бала жеңімпаз атанады.</p>	
«Атамның ауылы»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру» Тақырыбы:«Алақай!Ауылдағы атам мен әжемнің үйіне қонаққа барамыз!» Мақсаты: Үй жануарлары және үй құстарымен таныстыру, жануарлардың қимылдарын салып, жаттығуларды орындау. Жылдамдық, ептілік және күштілік қасиеттерін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату арқылы балалардың зейіндерін дамыту.</p> <p>Қ/о: «Дауысынан таны!» ойыны. Ойын шарты: Үй құстарының дауыстары жазылған ұнтаспа тыңдалады.</p> <p>«Төрт түлік мал» қимыл –қозғалыс ойыны. «Көрдік –көмедік» қимылы аз ойыны. -Шалғында жайылып жүрген қозыларды көрдіңдер ме?</p>	15.06

	<p>-Ауладан Ақтөсті көрдіңдер ме? -Қорада шөп жеп тұрған сиырды көрдіңдер ме?т.б</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру» Тақырыбы: «Мен тұратын ауыл» Мақсаты: Балаларға өзінің туған жеріне,ауылына деген сүйіспеншілік сезімдерін туғызу,ауылдың көрікті табиғатына деген қызығушылықтарын ояту . Балалардың тілін дамыту,сөздік қорын молайту. Өз мекеніне , қаласына,ауылына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Балаларға ауылымыздың табиғатының суретін түрлі-түсті қағаздан қиып жасату. Д/о: «Киіз үй бөліктерін ата»</p> <p>Ойын шарты: Балаларға киіз үй бөліктерінің суреттері таратылады Баланың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату, танымдық қабілетін және ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту. Киіз үй және оның жасау – жабдықтары (шанырақ, кереге, туырлық, мандайша, сықырлауық т.б.) атай білуге үйрету. Ұлттық қолөнерді қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	
«Табиғат аясында»	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Құрастыру» Тақырыбы: «Ағаштар» Мақсаты: Бұтақтардан жаз мезгіліндегі жасыл ағаш құрастыру іскерліктерін қалыптастыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Орман ағаштарын сақтай отырып, ағаштарды қағаздан да жасай отырып құрастыруға болатынын айту. Балаларға қағаздарды қиып үйрету. Олардың қолданылуы туралы түсінік беру, логикалық ойлау қабіетін дамыту, саусақтарының икемділігін арттыру, ағаштар туралы білімдерін толықтыру, ағаштарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.Қиып алған ағаштарын қағаз бетіне қойып құрастыру.</p> <p>Д/о:«Қай ағаштың жемісі» Ойын шарты: Қолдарына алған жемісті қай ағаштың жемісі екенін дәл тауып жемістерді өз ағашына қою.Ойын осылай жалғаса береді.</p>	16.06

	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Жаратылыстану» Тақырыбы: «Табиғаттағы еңбек» Мақсаты: Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Ауладағы ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты дамыту. Еңбек және жекелеген еңбек әрекеттері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатта еңбек етуге деген қызығушылықтарын үйрету.</p> <p>Қ/о: «Жер шары» ойынын</p> <p>Ойын шарты: Тәрбиеші қолындағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады. Мысалы:тәрбиеші «Жер шары» десе бала «адам» «ағаш» «шөп» т.б деп жылдам жауап беруі тиіс.</p>	
<p>«Күн,ауа,су »ойын сауығы</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Сурет салу» Тақырыбы: «Күннің мол шуағы». Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтарын үйлестіріп салу біліктіліктерін бекіту. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.Танымдық қызметтің тәсілдерін пайдалана отырып,судың, ауаның, күннің маңызын,ерекшелігін әңгімелеу арқылы бала бойындағы экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру. Табиғатты қорғап, қадірлей,қастерлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Қ/о: «Күн мен түн» Ойын шарты: Күндізгі болатын жағдайларды айтқанда көзімізді ашамыз, түнде дегенде көзімізді алақанымызбен жабамыз.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Әлеумет» «Қоршаған ортамен таныстыру»</p>	<p>17.06</p>

	<p>Тақырыбы: «Күн, ауа және су – біздің достарымыз!»</p> <p>Мақсаты: Күн, ауа, су, — табиғат сыйы және олардың маңызы туралы білімдерін кеңейту. Ауа туралы ұғымды түсіндіру, су – тіршілік көзі екендігін, оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту. Күннің жылу және жарық беретіндігін түсіндіру. Қоршаған ортаны қорғауға және тазалығын сақтау қажеттілігіне тәрбиелеу.</p> <p>Тәжірбиелік жұмыс.</p> <p>1-таблица.Ауаның түсі жоқ, иісі жоқ, пішіні, дәмі жоқ. Оны қолмен ұстай алмаймыз,көзбен көре алмаймыз.</p> <p>2-таблица.Судың пішіні жоқ. Түсі жоқ,дәмі, иісі жоқ. Су түссіз мөлдір.</p> <p>Дәйек сөз: Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, Мұны айтуға адамзаттың тілі жоқ.</p>	
4-апта (20.06-24.06) «Қауіпсіз жаз»		
«Бағдаршам күні»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Көркем әдебиет»</p> <p>Тақырыбы: «Бағдаршам және біз.»</p> <p>Мақсаты: Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше,жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Жаяу жүргіншілердің, жолаушылардың және жүргізушілердің жол ережесін нақты білу керектігі туралы балалардың білімдерін бекіту. Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болу дағдыларын бойларына сіңіру. Қоршаған ортаға мән бере қарауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу.</p> <p>Қ/о: «Дұрыс-бұрыс» ойыны</p> <p>Ойын шарты: Балалар дұрыс жауапқа қолдарын шапалақтайды. Көшеден өткенде солға оңға қараймын. Көшенің ортасында доп ойнаймын. Жол ережесін сақтаймын. Бағдаршамның сары көзі жанғанда дайындаламын. Жасыл көзі жанғанда жүремін т.б ойын осылай жалғаса береді</p>	20.06

	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Музыка»</p> <p>Тақырыбы: Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Д/о:</p> <p>Ойын шарты:</p>	
«Пайдалы және зиянды өсімдіктер»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту»</p> <p>Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар патшалығы»</p> <p>Мақсаты: Балалардың саңырау-құлақтар туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтармен, оларды теру ережелерімен таныстыру; саңырау-құлақтардың атауларын бекіту. Балалардың ойлау қабілеттерін, зейін-дерін, тілдерін дамыту. Табиғатқа ұқыптылықпен қарауға, өз денсаулығына құндылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Саңырауқұлақ жинаймыз»</p> <p>Ойын шарты: Берілген суреттерге қарай отырып, саңырауқұлақтарды жейтін, жемейтініне қарай жинайды.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу»</p> <p>Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар әлемі»</p> <p>Мақсаты: Балаларға саңырауқұлақ туралы түсіндіре отырып, ермексазбен саңырауқұлақты мүсіндеуге үйрету. Саусақ қимылдарын, сөздік қорларын арттыру. Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Д/о: «Тез құрастыр»</p> <p>Ойын шарты: Балаларға 5-6 бөлікке бөлінген саңырауқұлақты тез әрі дұрыс құрастыруды ұсынамын. Саңырауқұлақтың қалпағын және сабағын өз орнына қойып, саңырауқұлақты құрастырады.</p>	21.06
«Марғандының үйшігі»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру»</p> <p>Тақырыбы: «Цирктегі жануарлар»</p> <p>Мақсаты: Бір орыда тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту, музыкаға сәйкес өздігінен қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру бұлшықеттер</p>	22.06

	<p>мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту , шапшандыққа тәрбиелеу</p> <p>Қ/о: «Оқтау тартыс» Ойынның шарты: Бұл ойынды ойнау үшін 2 бала ортаға шығады.Алдымен жерге сызық сызындар және сол сызықтың 2 жағына тұрындар.Енді оқтаудың 2 ұшынан ұстап тартындар.Қайсысың сызықтан өтсең,жеңілесің.Ал күшің басым болып тартып алғаның жеңіске жетесің.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру » Тақырыбы: Мысық және марғау. Мақсаты: Таныс геометриялық пішіндерден мысық пен марғаудың пішінін жапсыру Үй жануары-мысық және оның баласы марғау мен таныстыру.Балаларды қайырымдылыққа баурап жануарлар дүниесіне қамқор болуға тәрбиелеу. Д/о: « Марғауды құрастыр» Ойын шарты:Марғау туралы түсінік беру. Марғаудың дене бөліктері жайында түсіндіріп, оны құрастыруда дене бөліктерін жасауда қағазды дұрыс пайдалануға үйрету. Ұқыптылыққа,еңбексүйгіштікке,шапшандылыққа тәрбиелеу. Көрнекі құралдыр: Марғаудың суреті,қиылғанмарғаудың дене бөліктері.</p>	
<p>«Қауіпті заттар және құралдар»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Таным » «Жаратылыстану » Тақырыбы: «Өрт – қауіпті заттар!» Мақсаты: Балалардың өмірлеріне және деңсаулығына қауіпті заттар туралы түсінік беру, күнделікті кездесетінін, олардың адамдарға қажетілігі туралы, ережелердің дұрыс пайдалана білу. Балаларға өрт туралы түсінік беру. Өрт тілсіз жау,өрттен сақтану жолдарын үйрету. Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастыру, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру, Кенеттен пайда болатын жағдайларда керекті телефон нөмерлерін жатқа айтқызу, тақпақ, сурет арқылы ой өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту Д/о: «Қауіпті және қауіпсіз заттар» Ойын шарты:Сандықтың ішінде бірнеше суретті заттар бар. Енді мұқият қара, осы заттардың ішінде қайсысын сендерге ұстауға немесе пайдалануға болмайды? сол заттарды табу.</p>	<p>23.06</p>

« Шебер қолдар»	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Сурет салу» Тақырыбы: «Әжемнің әдемі алашасы» Мақсаты: Балалардың сурет салуға дағдыларын қалыптастыра отырып, алаша үлгісін әшекейлеуге үйрету. Өртүрлі тәсілдермен: мөртаңбамен, мақта таяқшаларымен қылқаламмен, саусақпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу. Әжеге деген құрмет, сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Д/о: «Ою-өрнекті ата?» Ойын шарты: Суреттерден «қошқармүйіз», «ботамойын», «қызғалдақ» «ирексу», «құсқанаты» ою-өрнек түрлерін көрсетіп жеке-жеке топтастыру және есте сақтау және қазақтың ұлттық бұйымдарындағы оюлардың түрлері мағынасын білу.</p>	24.06
	<p>5-апта (27.06-01.07) « Мен табиғаттың бөлшегімін»</p>	
« Алуан- алуан көбелек»	<p>Ұ.ОҚ: « Қатынас » «Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Гүлге қонған көбелек » Мақсаты: Балаларды көбелектермен, олардың қасиеттерімен таныстыру, білімдерін кеңейту; талқыланып жатқан тақырып бойынша өз ойларын дұрыс қалыптастырып, білдіру дағдысын бекіту. Олардың бір - бірінен айырмашылығын салыстыру. есте сақтау қабілетін, жолдасының сөзін бөлмей; белгілі ереже бойынша топта өзара әрекет ету дағдысын жетілдіру. Балалардың өзіне және айналасындағыларға жақсы сезімін ояту, жәндіктерге сүйіспеншілігін арттыру, оларға деген қамқорлық</p>	27.06

	<p>сезімін ояту және жауапкершілікке, тірі табиғатты қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Гүлдер алақайы»</p> <p>Ойын шарты: Гүлдердің түстеріне сәйкес көбелектерді құрастырып қондыруды, санауды, түстерін ажыратуды және аз-көп ұғымдарын айтуды ұсыну. Қанша гүл болса, сонша көбелекті қояды.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу»</p> <p>Тақырыбы: «Әдемі көбелек»</p> <p>Мақсаты: Балаларға көбелек туралы түсінік бере отырып, көбелекті мүсіндеуге үйрету. Көбелекті мүсіндеу арқылы қолдың, саусақтың бұлшықеттерін жетілдіру, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Балаларды әсемдікке, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Көбелекті тап»</p> <p>Ойын шарты: Ойлау қабілеттерін дамыту, қызығушылығын арттырып, көбелектерді басқа жәндіктердің ішінен бөлек ажырата білуге үйрету. Көбелектердің үстінде қандай пішіндер орналасқан олардың түстері қандай?</p>	
<p>«Ұлттық ойындар»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту»</p> <p>Тақырыбы: «Алтын сақа» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Әр бала ертегіні түсуге, оны рөлдерге бөліп ойнауға, ұйымшылдықты, достарын сыйлауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. «Алтын сақа» ертегісінен үзінді және мазмұнына сай сюжетті сурет берілген. Ертегіні бөлім бойынша оқып, мазмұнының түсіндіреді. Балаларға түсінікті болу үшін, бұл ертегінің мазмұнын толық әңгімелеп беру.</p> <p>Д/о: «Асықты түсіне қарай қорапшаға сал»</p> <p>Ойын шарты: Қоржыннан төгілген түрлі түсті асықтарды өз түстеріне қарай ажыратып, қорапшаға орналастыру. Түстерді атай білуге, ажырата білуге үйрету. Баланың танымын қалыптастыру.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу»</p> <p>Тақырыбы: «Асығым алшысынан түсші»</p> <p>Мақсаты: Қазақ халқының спорттық ойындарымен таныстыру, тұзды қамырдан асықты қалай мүсіндеу керектігін көрсетіп түсіндіру. Асық – төрт түлік мал мен қоңыр аңдар тілерсегінде болатын,</p>	<p>28.06</p>

	<p>қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. <u>Қой</u>, <u>ешкі</u>, <u>сиыр</u>, <u>түйе</u> асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінді болады. Ал, асық ойыны –қазақ халқының ұлттық ойыны, Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Асық – алтын қазынам»</p> <p>Ойын шарты: Асықтың сақа, кеней, шүкейт, көктабан және тағы басқа да түрлері бар. Асықтың тұрысының өзі әртүрлі боп бөлінеді. Алшы, тәйке, бүге, шіге, омпы, шоңқай. Асықтың осы тұрыстарынан оң жақ және сол жақ екенін ажыратып айтып беру .</p>	
«Ауа райы тамаша»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру»</p> <p>Тақырыбы: « Табиғаттағы ойнағанды жақсы көреміз»</p> <p>Мақсаты: Табиғат аясында таза ауада ойнату . Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүруге; 10 см биіктікке көтеріле өрмелеуге үйрету. Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын дамыту.</p> <p>Қ/о: «Көліктер»</p> <p>Ойынның шарты: Қатысушылардың қолдарында әр түрлі түсті рульдер бар. Тәрбиешінің берілген белгісі бойынша рульдерді ұстап (кіші құрсаулар), балалар өзін жүргізуші ретінде санап, белгі бойынша алға жылжи қимылдайды. Бір-біріне соқтығыспай залдың ішінде алға, артқа қапталға жүреді. Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру »</p> <p>Тақырыбы: «Жазғы ауа райы»</p> <p>Мақсаты: Табиғаттағы ауа райының өзгерістерін бақылауды үйрету, ауа райындағы өзгерістерді айыра білу және адамдармен табиғаттың өзара байланыстарын көру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Бүгінгі ауа райының ерекшеліктерін аңғарып , түрлі түсті қағазды пайдаланып бүгінгі ауа райын қағаз бетіне жапсыру қоршаған ортаға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Ойын: « Ғажайып кемпірқосақ »</p> <p>Ойын шарты: Кемпірқосақты құрастыру.Кемпірқосақтың неше түсі бар?Түстерін атаңдар.</p>	29.06

«Шуақты күн»	<p>Ұ.ОҚ: «Таным » «Құрастыру » Тақырыбы: «Шуақ шашқан күн» Мақсаты: Пішінді мүсіндеудің басу,қысу,жалпақтау әдістерін пайдалана отырып, балаларды әр-түрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету; сенсорлық тәрбие беру. Бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестерді анықтай білу қабілеттерін дамыту. Шеңберге тізу сызықтар қосып, шуақтарды жасау. Балалардың қиялын дамыту. Д/о: «Тез тап» Ойын шарты: Сұрақтарға тез жауап беріп, күнді ашу. Қандай пішінді пайдаландық? Күн бізге несін береді?т.б</p> <p>Ұ.ОҚ: «Таным » «Жаратылыстану » Тақырыбы: «Шуақты күн» Мақсаты: Жер бетінде тіршілік болуы үшін Күннің қажеттігін түсіндіру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды жылдың кез келген мезгілінде табиғаттың сұлулығын көре білуге тәрбиелеу. Д/о: «Дәл сондайын тап» Ойын шарты: Күннің түсімен түстес заттарды атайды. Күннің пішініне ұқсас заттарды атайды</p>	30.06
«Әдептілік әдемілік»	<p>Ұ.ОҚ: «Әлеумет » «Қоршаған ортамен танысу » Тақырыбы: «Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала» Мақсаты: Әдептілік туралы ұғым қалыптастыру, әдептілік инабаттылық жайында ойын дамыту. Балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, жаман әдеттен аулақ болуға, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Суретті ойын: Ойын шарты: Суретте жақсы және жаман іс-әрекеттер бейнелеген солардың астына, жақсыны қызыл дөңгелекпен жаманды көк дөңгелекпен белгілету .</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық » «Сурет салу» Тақырыбы: «Әдептілік бастауы балабақша » Мақсаты: Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінің және жақсылыққа тәрбиелейтін орын</p>	01.07.

екенін түсіндіру. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру. Балабақша ауласындағы гүлдер мен ағаштарға күтіп-баптауға баулу. Шығармашылық қиялдарын,көркемдік талғамдарын дамыту, ұқыптылық пен жинақтылыққа тәрбиелеу. Өз қиялдарымен әдептілік жайлы бейнелеп қағаз бетіне салу.

Д \ ойын: «Жақсы-жаман»

Ойын шарты: ойлау қабілетін жетілдіру. Суретке қарап, жақсыны бір жаққа , жаманды бір жаққа топтау.Балалар, әдепті бала күн тәртібін сақтайды. Ол неден басталады?

**«Алақай, жайдарлы жаз келді!»
жазғы-сауықтыру кезеңінің Шілде айының
« Көбелек» тобының перспективалық жоспары
2022 жылға арналған**

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
1-апта (04.07-08.07)«Гүлденген табиғат»		
«Табиғатты қорғайық»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» « Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Әдемі гүлдер » Мақсаты: Гүлдерді күтіп-баптауға, әдемілікке, сұлулыққа деген сезімін ояту арқылы табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын молайтып, ой-өрісін, тілін, қиялын дамыту. Әдемілікті сезіне білуге, көркемдік талғамдарын дамыту. Гүлдер туралы білімдерін кеңейту</p> <p>Д/о: «Гүлдерді ажыратып ретімен орналастыр» Ойын шарты: Дала гүлдері»бәйшешек, қызғалдақ, сарғалдақ, раушан, бақбақ. «Бөлме гүлдері» қазтамақ, фиалка, жүсіптің сұлулығы , бөлме жүзімі. «Емдік гүлдері» Алоэ, түймедақ, қалампыр.</p> <p>Ұ.ОҚ: «шығармашылық» « Музыка» Тақырыбы:Музыка жетекшісінің жоспарымен</p>	04.07
«Су әлемінде»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» « Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Ғажайып балықтар » Мақсаты: Су астындағы балықтар туралы білімдерін кеңейту. Балаларға балықтар туралы түсінік беру. Дидиктикалық ойындар арқылы сөздік</p>	05.07

	<p>қорларын молайту. Үлкейткіш құрал, прожектордың көмегі арқылы балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығын арттыру. Балықтар туралы әңгімелетіп, сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. Ойын тапсырмаларды бере отырып балалардың зейінін, ойлау қаблетін дамыту</p> <p>Қоршаған ортаны танып білу арқылы балықтарды күтіп баптауға оларға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: ««Балықтарға көмек берейік»»</p> <p>Ойын шарты: Балықтың көлеңкесін тап.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу»</p> <p>Тақырыбы: «Су астындағы тіршілік»</p> <p>Мақсаты: Балаларға су асты әлемі туралы түсінік беру; Су асты тұрғындарын дұрыс атауға және ермексазбен мүсіндеуді үйрету, сөздік қорын толықтыру; Айналасымен өзара қатынас орнату, мінез - құлық мәдениетімен дағдыларын меңгерту; Үлкендермен, достар арасында әдептілікке, табиғатты сүйуге, оған қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Кім жылдам»</p> <p>Ойын шарты: Балықтар, сегізаяқ, тасбақа бейнесін қиып, су асты әлемін құрастыруда ұқыпты жұмыс істеу іскерліктерін дамыту.</p>	
«Ғажайыптар әлемі»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру»</p> <p>Тақырыбы: «Тепе-теңдікті сақтау табиғат заңдылығы»</p> <p>Мақсаты: балалардың тепе-теңдікті сақтап жүру қимылын қалыптастыру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келе жатып кедергілерді атап өтуге үйрету. Гимнастикалық орындық үстімен жүруде тепе-теңдік сақтау, дұрыс дене бітімін қалыптастыру Тепе-теңдік сақтауды үйрету</p> <p>Қ/о: «Арқан тарту»</p> <p>Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен</p>	06.07

	<p>ойналады.Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады Қай топ арқанды өз жағына тартып,алып, кесе сол топ жеңіске жетеді</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру» Тақырыбы: «Табиғатым тамаша» Мақсаты: Балаларға жазғы табиғатты қағаздан қиып жапсырудың тәсілдерін көрсету. Табиғаттың қасиеттерімен , оның адам, жануарлар және өсімдіктердің өміріндегі ролімен таныстыру . Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын дамыту , өз ойлары мен ұсыныстарын айта білуге үйрету . Табиғатты сүйуге, аялауға, оған қамқор бола білуге тәрбиелеу.Балалардың табиғат жайлы ұғымдарын дамыту. Табиғатта болатын таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету. Қ/о: «Ауа райының өзгерістерін тап»» Ойын шарты: Әр үйшіктегі белгі бойынша өз үйшігін табу. «Табиғат туралы мақал мәтелдер айту» «Жер қазына, Су гауһар. «Табиғатты аяласаң, табиғатта аянып қалмас!» «Судың да сұрауы бар!» .</p>	
«Менің достарым»	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Құрастыру» Тақырыбы: «Менің достарым.» Мақсаты: Балаларға «дос» сөзіне түсінік беру, өзінің досының есімін және досы туралы айта білуге үйрету. Сөйлеу мүшесінің қозғалыс қимылын,саусақ моторикасын жаттықтыру. Зейінің, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін дамыту,ойын дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу тілін және сөздік қорың дамыту, ойындар арқылы еркін, дұрыс жауап беруге дағдыландыру. Өзін тануына, достарын бағалауға, бір-біріне көмектесіп қамқор болуға тәрбиелеу.Достарына арнап үй құрастыру.</p>	07.07

	<p>Д/о: Ойын: Ақ тілек» ойыны. Ойын шарты: балалардың қолына гүл шоқтары беріледі, балалар шеңбер құрып гүлді бір-біріне беру кезінде жақсы ақ тілек сөздер айтады.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Жаратылыстану» Тақырыбы: « Мен және менің отбасым.» Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Бір отбасы арасындағы тату қарым-қатынасты қалыптастыру. Бір-біріне қамқор болуға, өз отбасын мақтан ете білуге тәрбиелеу отбасы ұғымын түсіндіру.</p> <p>Д /ойын: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.</p>	
«Сүйікті қалам–Нұр-Сұлтан»	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Сурет салу» Тақырыбы: ««Менің сүйікті қалам, ауылым және ел ордасы Астана»» Мақсаты: Балаларға қала, ауыл және ел ордасы Астана туралы түсінік беру. Баланың ой – өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүйуге тәрбиелеу. Балалардың қиялын, көркемдік талғамын дамыту. Бояу түстерін пайдалануға дағдыландыру .</p> <p>Д/о: «Ауылға саяхат» Ойын шарты: Сұрақ-жауап ойыны. Балалар біздің ата-анамыз ауылда туып өскен. Сендердің ауылда қандай туыстарың бар? Ауылға немен барамыз?</p> <p>Ұ.ОҚ: «Әлеумет» «Қоршаған ортамен таныстыру»</p>	08.07

	<p>Тақырыбы: «Нұр-Сұлтан-бас қала! »</p> <p>Мақсаты: Балалардың қала туралы білімдерін тиянақтау, тіл байлығын, ой-өрісін, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, елімізді, қаламызды сүйуге баулу, қаламыздың тарихы ескерткіштерін аялауға, демалыс орындарында өздерін ұстай білуге тәрбиелеу. Еліміздің бас қаласы Нұр-Сұлтан қаласы туралы мәлімет беру.</p> <p>Д/о: « Қала көліктерін ата»</p> <p>Ойын шарты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін толықтыру. Қала жолдарында жүрген кезде міндетті түрде ережені сақтауға тәрбиелеу.</p>	
2 апта (11.07-15.07) «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»		
Менің сүйікті кейіпкерім	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Көркем әдебиет»</p> <p>Тақырыбы: «Алдаркөсе мен бай »ертегісі</p> <p>Мақсаты: Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға, суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын тыңдауға деген қызығушылығын арттыру. Ертегілерді рөлге бөліп кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру. .</p> <p>Д/о: ««Атауын тап!»»</p> <p>Ойын шарты: Қима қағаздарға әр ертегілердің суреттері бейнеленген. Балалар қағаздарды құрастырып ертегінің атын табуы қажет.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Музыка»</p> <p>Тақырыбы: Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Д/о:</p> <p>Ойын шарты:</p>	11.07
«Мерейлі отбасы»	Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту »	12.07

	<p>Тақырыбы: «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады»</p> <p>Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт- дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру. Балалардың тіл байлықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту. Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздаң бізге қалдырған , асыл қазынасы екенін түсіндіру.</p> <p>Қ/о: ««Бүркітші»</p> <p>Ойын шарты: Шарты: Екі баланы шығарып тақтайшаның үстіндегі тақияны аузымен тістеп алу керек.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық » «Мүсіндеу »</p> <p>Тақырыбы: «Ғажайып шеберхана»»</p> <p>Мақсаты: Балалардың ұлттық қол өнерге қызығушылықтарын дамыту. Қазақ халқының қол өнерімен таныстыру арқылы ұлт жандылық қасиеттерін бала бойына сіңіру. Ұлттық ою - өрнек түрлерін атап, оны өз жұмыстарына қолдана білуге, әсемдікке, шеберлікке баулу.</p> <p>Д/о: «Саздан мүсін жасайық »</p> <p>Ойын шарты: иленген саздан жасалған қазақтың бұйымдарын дәл тауып көрсету.</p>	
Түстер патшалығы	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру»</p> <p>Тақырыбы: «Түрлі түсті доптар»</p> <p>Мақсаты: Негізгі қимылдарды орындау дағдыларын біледі. Спорттық ойындар элементтерін орындай алады, нысанаға допты тигізе алады, допты басынан асыра екі қолымен лақтыра, жалғастыра алады. Жіп астымен еңбектегіп, еңкейіп өте алады.</p> <p>Қ/о: ««Үлкен-кіші »</p>	13.07

	<p>Ойынның шарты: -Қолымда бір үлкен, бір кішкентай доп бар, үлкен допты көтерсем тұрасыңдар, кішкентай допты көтерсем отырасыңдар. Кім шатасады, сол ойыннан шығады, түсінікті ме балалар? Кім жеңімпаз болады екен?</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру»</p> <p>Тақырыбы: «Түстер әлемі.»</p> <p>Мақсаты: Әр түрлі түстегі қағаздармен, оларға тән қасиеттерімен таныстыру; қайшымен дұрыс жұмыс істеу. Балалардың қағазбен жұмыс жасауға деген қызығушылығын арттыру. Байқампаздығын, ойлау қабілеттерің, тілдері дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/О: «Киімдердегі түстерді ата»</p> <p>Мақсаты: Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киіміндегі түстерді ажырата білуге үйрету.</p>	
Алтын дән	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Құрастыру»</p> <p>Тақырыбы: «Алқаптағы бидай»</p> <p>Мақсаты: Бидай өнімінен не жасалатынын, пайдасын түсіндіру; Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. Нан дастарқанға қайдан келеді? Жер жыртады. Дән себеді. Діқаншылар күтіп баптайды. Комбайншылар орады. Машинамен диірменге тасиды. Диірменнен ұн шығарып, наубайханаға апарады. Наубайханашы нан пісіріп, дүкенге апарады. Дүкенші халыққа сатады. Берілген суреттерді құрастыру.</p> <p>Д/о: «кім жылдам?»</p> <p>Ойынның шарты: балаларға суреттер көрсетіледі солардың ішінен, тек қана бидайдан жасалғанды заттарды атағанда ғана қолдарын көтереру.</p>	14.07

	<p>Ұ.ОҚ: «Таным » «Жаратылыстану » Тақырыбы: «Алтын дән»</p> <p>Мақсаты:еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. Күләш Ахметованың «Алтын дән»өлеңін мәнерлеп оқып,оның мазмұнын ашу.</p> <p>Мақал жаттау Ас атасы-нан. Нан болса-ән де болады.</p>	
<p>«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық » «Сурет салу» Тақырыбы: «Отбасым менің мейрімді жүрегім» Мақсаты: Балаларға алақанмен жұмыс жасаудың тәсілдерін көрсету,түсіндіру.Түрлі- түсті барлық қол жетімді құралдар арқылы бейнелеуге деген қызығушылығын арттыру. Алақанмен жұмыс жасау дағдыларын, ал түстер арқылы суреттің көңіл-күйінің өзгертіні туралы білімдерін бекіту.Өзінің отбасы туралы әңгіме құрауға үйрету.</p> <p>Саусақты гимнастика. Менің үйімде тату отбасы бар екенін білемін: Бұл менің анам, бұл менің әжем, Бұл әкем, бұл атам Бұл саусақ-атасы, Бұл саусақ-әже, Бұл саусақ - әкем, Бұл саусақ-ана, Бұл саусақ мен. Міне, менің барлық отбасым!</p> <p>Ұ.ОҚ: « Әлеумет» «Қоршаған ортамен таныстыру »</p>	<p>15.07</p>

	<p>Тақырыбы: " Отбасымен саябақта қыдыру "</p> <p>Мақсаты: Балалардың саябақ туралы түсініктерін молайту, Балалардың өз отбасымен бірге табиғатқа деген қамқорлық сезімін одан әрі ояту. Табиғатты сүйе білуге, оны ластамауға, өзінің екінші үйіндей сезінуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Д/о: «Ағаштарды ата »</p> <p>Ойын шарты: Ағаштар атау, өсімдіктерге кутім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік- аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету. Туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.</p>	
--	---	--

3 апта «Жазғы сайыстар» (18.07-22.07)

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
3-апта (18.07-22.07) «Жазғы сайыстар»		
«Ұлы дала баласы»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Көркем әдебиет»</p> <p>Тақырыбы: « Ат жарысы »</p> <p>Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі ұлттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Қ/о: «Ат жарыс »</p> <p>Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға</p>	18.07

	<p>қысып мәреге шауып жету.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Музыка» Мақсаты: Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес Д/о: Ойын шарты:</p>	
<p>«Дәрумен мен денсаулық»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: ««Дәрумендер денсаулық кепілі»» Мақсаты: Балаларға көкөністер мен жеміс жидектердің адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру. Олардың құрамы дәрумендерге бай екендігін, тұмау мен суық тию ауруына шалдықпаудағы күресудің жолы екенін көрсету. Ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу кезінде сөзді анық айтқызу, мәнерлі айтып жаттықтыру және еңбекке баулу. Қ/о: «Бақта ма, бақшада ма?» Ойынның шарты: Шашылған көкөністер мен жемістерді әуен арқылы екі топқа бөлініп жинайды. Көкөністерді көк кәрзеңкеге, жемістерді қызыл кәрзеңкеге жинатамыз. Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу» Тақырыбы: «Қоянға арналған сәбізді мүсіндеу. » Мақсаты: ұқыпты жұмыс жасауға, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, ермексазды қолдарымен уқалау, илеу, домалақтауды дамыту. домалақтау, сопақшалау, шымшу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйрету. Д/о: « Сәбізді себеттерге тездетіп сал» Ойынның шарты: «Балалар, көкөністер мен жемістер адам ағзасына өте пайдалы. Дәрумендері өте көп. Сәбіз жесеңдер бойларың өседі. . Сондықтан оны жыл бойы жеп отыру керек екен түсіндіру. Жемістер мен көкөністерді жеке-жеке жинау.</p>	<p>19.07</p>

<p>«Спорттық ойындар күні»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру» Тақырыбы:« Ұлттық ойындар күні» Мақсаты: Балаларды ұлттық ойындармен таныстыру Ұлттық ойындарды дұрыс ойнауға үйрету Ойын ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Ептілік, икемділік дағдыларын қалыптастыру. Ойынды ойнату арқылы қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру Шарты: Ұлттық ойындармен таныстыру, Ұлттық ойындар туралы мультфильм көрсету.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру» Тақырыбы: «Жүйрік ат » Мақсаты: Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін сақтай отырып жүйрік атты мүсіндеу.Мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту.Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. Жүйрік ат мүсінін мүсіндеуді үйрету.</p> <p>Д/о: «Кім жылдам » Ойын шарты: Балаларға әр түрлі жануарлар беріледі ішінен атты,құлынды тауып, оларды атауға үйрету. Жылқы малының басқа малдардан ерекшеліктерін атауды үйрету. Тілдерін дамыту. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	<p>20.07</p>
<p>«Менің көңілді добым»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Құрастыру» Тақырыбы: «Добым, добым дөңгелек, Тоқтамайсың дөңгелеп» Мақсаты: Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру. Әр түрлі пішінді доптарды, ермексаз арқылы мүсіндеуге</p>	<p>21.07</p>

	<p>үйрету. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту. Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Қ/о: Ойын: Допты қағып ал.</p> <p>Ойын шарты: Тәрбиеші допты балаларға лақтырады, балалар жерге түсірмей қағып алуы керек.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Жаратылыстану»</p> <p>Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар.»</p> <p>Мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын айтып түсіндіру. Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және улы болып екіге бөлінеді. Біздің жақтағы саңырауқұлақтар улы саңырауқұлақтар, оларды жеуге болмайды. Танымын кеңейту, эстетикалық талғамын арттыру.</p> <p>Д/о: «Тез құрастыр»</p> <p>Балаларға 2 бөлікке бөлінген саңырауқұлақты тез әрі дұрыс құрастыруды ұсыну. Саңырауқұлақтың қалпағын және сабағын өз орнына қойып, саңырауқұлақты құрастырады.</p>	
«Олимпиада алауы»	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Сурет салу»</p> <p>Тақырыбы: «Менің сүйікті спортым»</p> <p>Мақсаты: Балалар спорт түрлерін атай алады. Өзінің сүйікті спорт түрін айтады, сұрақтарға дұрыс жауап бере алады. Жаңа сөздермен танысамыз, топпен, жұмыс жасаймыз.</p> <p>Қ/о: «Менің сүйікті спортым шаңғы тебу»</p> <p>Ойын шарты: Балалар шаңғышы болып екі-екіден жарысады кім бірінші мәреге жетсе сол жеңіске жеткен болып есептеледі.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Әлеумет» «Қоршаған ортамен таныстыру»</p> <p>Тақырыбы: «Үйдегі ,көшедегі қауіпсіздік»</p> <p>Мақсаты: Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін</p>	22.07

	<p>пысықтау ,балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру,қауіпті заттармен,қауіпсіздік жағдайларымен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету.Кенеттен пайда болатын жағдайларда керекті телефон нөмерлерін жатқа айтқызу .Балаларға жақсымен жаман қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.</p> <p>Сұрақ –жауап ойыны: «Жақсы, жаман». Ойын шарты: Үтік - жақсы өйткені онымен киімдерді өтектейді,ал жаман қолымызды кидіріп алсақ. Қайшы- жақсы онымен әр түрлі заттарды қияды,жаман дұрыс қолданбасан қолынды көзінді жарақаттап аласың. Сіріңке -жақсы онымен от жағамыз,ал жаман өрт шығуы мүмкін . Пышақ-жақсы онымен әр түрлі заттарды тураймыз,ал жаман абай болмасақ қолымызды кесіп аламыз. Шеге-жақсы екі затты біріктіреді ,шеге жаман абай болмасаң денені жарақаттайды. Ине-жақсы онымен киім тігеді ,жаман қолымызға кіріп кетсе.</p>	
4 апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» (25.07-29.07)		
«Алтын балық»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Алтын балық-бізде қонақта» Мақсаты: балалардың тілін дамыту, сурет бойынша кеңістікті бағдарлауға үйрету, ойлау қабілеттерін, сенсорикалық танымдарын дамыту, оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. «Алтын балық» өлеңімен таныстыру . Қабыршағы жалтырап Қызықтырар әркімді-ақ Құйрығымен суда ойнар</p>	25.07

	<p>Алтын балық тартымды-ақ! Д/о: «Суретті толықтырып сал» Ойын шарты: көбелек, күн, балықтың бірнеше түрі кеңістікті бағдарлау арқылы орналастырады) Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Музыка»</p> <p>Тақырыбы: Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес Мақсаты: Д/о: Ойын шарты:</p>	
<p>«Үлпілдеген үлпек мамық»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту » Тақырыбы: «Бір уыс мақта» Мақсаты: Балаларды қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Б.Алтынсарин өмірімен таныстыру.Оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеуге ,мәнеріне келтіре айта білуге үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту,сөздік қорларын молайтып,байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Д/о: «Кім тапқыр»</p> <p>Торғай,торғай торғайсың, Ұшып қонып қорғайсың. Сенің өзің қандайсың, Қарғаға да ұқсамайсың, өзің кіші торғайсың, түсің қоңыр торғайсың, ұяна мамық тасып ап өзің сондай торғайсың.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық » «Мүсіндеу » Тақырыбы: «Мақтадан жапсырмалап қошақан пішінін жасау»</p>	<p>26.07</p>

	<p>Мақсаты: Қошақан пішінін мақта талшықтарынан жапсырмалау, өзге төл пішінд ерінен “жайлауда” композициясын құрастыру. Балалардың бір-біріне деген жылы сезімдерін тудыру, іздемпаздыққа ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Мақтамен жұмыс жасай білуге үйрету, қауіпсіздік ережесін есте сақтау, өз қабілеттерін дамыту.</p> <p>Д/о: «Бұл қай жануар?»</p> <p>Ойын шарты: Берілген суреттерге қарап жауап береді. Қозы қай жануардың төлі қой. Қой атауы қозы, бағлан, тоқты, қой.</p>	
«Гүлдер күні»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру»</p> <p>Тақырыбы: «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады»</p> <p>Мақсаты: Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс – әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру. Қазақ халқының ерлік – жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хан батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;</p> <p>Қ/о: Ойын: Ұлттық ойын «Бәйге»</p> <p>Ойынның шарты:</p> <p>Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді. Екі топтың балалары (арақашықтық 2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру»</p> <p>Тақырыбы: «Әдемі гүлдер»</p> <p>Мақсаты: қиылған дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге, түстерді, көлемді ажырата білуге үйрету. Көктем туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің атымен таныстыру.</p>	27.07

	<p>Д/о «Гүлдер құрастыр»</p> <p>Ойын шарты: Жерде шашылған гүлдер күлтешелерін түстеріне байланысты гүлдер құрастыру керек.</p>	
«Жәндіктер әлемі»	<p>Ұ.ОҚ: «Таным » «Жаратылыстану »</p> <p>Тақырыбы: «Жәндіктердің ғажайып әлемі »</p> <p>Мақсаты: Жәндіктер әлемімен таныстыру. Ара, құмырсқа, өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру. Балдың денсаулыққа пайдасы туралы, құмырсқаның еңбекқорлық қасиетін түсіндіру. Жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу</p> <p>Д/о: «Қиынды суреттер» ойыны.</p> <p>Ойын шарты: Араның, көбелектің, құмырсқаның суреттері 2, 3, 4 бөлікке қиылған. Балалар қиындылардан жәндіктердің суретін құрастырады.</p>	28.07
«Туған өлкем»	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық » «Сурет салу»</p> <p>Тақырыбы: « Қазақстан туған өлкем, табиғаты қандай көркем! »</p> <p>Мақсаты: балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру.</p> <p>Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну.</p> <p>Д/о: «Кім жылдам»</p> <p>Ойын шарты: Табиғат туралы суреттер беріледі .Балалар тез арада тауып ретімен табиғат көрінісін құрастырады.</p>	29.07

Тамыз айы 1-апта (01.08-05.08) «Ас атасы нан»

Өткізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
1 апта «Ас атасы – нан» (01.08-05.08)		
«Дәнді дақылдар»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Егіс алқабы» Мақсаты: Балаларға дәнді дақылдардың пайдасы, құрылымы, түрлері туралы түсінік беру. Дәнді дақылдар туралы ұғымдар мен мақал мәтелдер туралы түсіндіру, білімін жан -жақты кеңейту, тіл байлықтарын дамыту, ойлау өрісін кеңейту. Балалардың егіс алқабы жайлы түсінік беру. Егіс алқабын суреттен көргендері бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.</p> <p>Тақпақ жаттау.</p> <p>Нан анасы-бидаймын, Елге астық сыйлаймын; Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Музыка» Мақсаты: Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес Д/о: Ойын шарты:</p>	01.08
«Нан дастархан»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Нан – дастарханның көркі»</p>	02.08

байлығы»	<p>Мақсаты: Балаларға ас атасы – нан екендігін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, оның оңай жолмен келмейтіндігін айтып ұғындыру. Нанның қалай дастарханға келетінін айтуп, оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру. Дүниетанымын, ой өрісін, еңбекқорлығын, адамгершілігін ояту және дамыту. Нанды қастерлеуге, ысрап етпеуге , адам еңбегін бағалай білуге , еңбек етуге тәрбиелеу</p> <p>Тыйым сөздер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Нанды бір қолмен үзуге болмайды. 2.Нанды төңкеріп қоюға болмайды. 3.Нанды аяқ астына тастама. 4. Дүкенге барғанда нанның сапасын қолыңызбен анықтамаңыз. Бұл тазалыққа да, мәдениеттілікке де жатпайды. <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу»</p> <p>Тақырыбы: «Бауырсақ».</p> <p>Мақсаты: «Бауырсақ» ертегісіндегі персонажды мүсіндеу. Қоян, бауырсақ, түлкі,аю, қасқырдың дене құрылысы мен ерекшіліктері туралы білімдерін кеңейту, мүсінін жасауға үйрету. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, мүсінді жасауға деген ынтасын ояту, аңдарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Ойлан тап »</p> <p>Ойынның шарты: «Әр түрлі шатасқан аңдардың құйрығын балалар аңдардың қасына апарып сәйкестендірулері керек.»</p>	
«Нан болса ән болады»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру»</p> <p>Тақырыбы:« Отырғыштармен ойындар »</p> <p>Мақсаты: Тізбектеліп бір-бірлеп жүруге және жүгіруге алақаны мен тізесіне сүйеніп төрттағандап еңбектеуге жаттығуды жалғастыру. Төрттағандап еңбектеу кезінде еңбектеуде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуді дамыту. Заттардың арасымен жыланша жүруге жаттықтыру. Батылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қ\О Ойын ойнау «Соқыртеке»</p>	03.0 8

	<p>Ойын шарты: шеңбер болып тұрады, ортаға бір баланы шығарып көзін орамалмен байлап, бір бла түртеді, бала ұстап алып атын атау керек.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру»</p> <p>Тақырыбы: «Ас атасы нан, нан болса әнде болады»</p> <p>Мақсаты: Балаларды бидай құрылысының ерекшеліктерімен таныстыру, асты қадірлеуге, төкпеуга тәрбиелеу. Балаларға нанның қалай келетінін, бидайды қалай егетінін, диханшылар бидайды диірменге қалай тартатынын түсіндіру басталған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. Қайшыны қауіпсіз пайдалану ережелерін есте сақтау, ұқыпты желімдеу тәсілдерін бекіту</p> <p>Д/о: «Кім жылдам»</p> <p>Ойын шарты: Суретке сәйкестендіріп заттарды орындарына қойып шығу.</p> <p>Олар: Нан, макарон, кондитерлік тағамдар.</p>	
«Егіс алқабында»	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Құрастыру»</p> <p>Тақырыбы: «Бидай масағы»</p> <p>Мақсаты: Балалардың ақыл ойын дамыта отырып, саусақ қимылдарын дамыта отырып, бидай масағының бейнесін құрастыруды үйрету.</p> <p>Бидай туралы мақалдар.</p> <p>Мағынасын түсіндіру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бақпаса мал өспейді, Баптамаса егін өспейді. 2. Диқан жерін анасындай сүйеді. Жер диқанға баласындай иеді. 3. Диқаншы жерін мақтайды. Балықшы көлін мақтайды, Кәсіпкер кенін мақтайды. <p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Жаратылыстану»</p> <p>Тақырыбы: «Нан дастарқанға қалай келеді? .»</p>	04.0 8

	<p>Мақсаты: Ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелету. Диқан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсіндіру. Диқаншы еңбегі туралы білімдерін толықтыру. Нанды ардақтауға, ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.</p> <p>Д/о: «Кім тапқыр?»</p> <p>Ойын шарты: сөздік қорын толықтыра отыра, шапшаңдылыққа баулу. сұрақтар қойылып балалар жауап береді.</p>	
«Жемістер мен көкөністер»	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Сурет салу»</p> <p>Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер»»</p> <p>Мақсаты: Мақсаты: Жемістер мен көкөністер түсінік беру. көкөністер мен жемістерді ажырата білуге, оларды геометриялық пішіндермен сәйкестендіруге үйрету, ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілін дамытып, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Көргенін қағаз бетіне салу және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Д/о: «Ретімен қой»</p> <p>Ойын шарты: «Ғажайып дорбадан» алынған жемістер мен көкөністерді ретімен қойып санайды. «Сол» жаққа жемістерді жинайды, ал «оң» жаққа көкөністерді жинайды. Балалар жемістер мен көкөністерді санап, салыстырады.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Әлеумет» «Қоршаған ортамен таныстыру»</p> <p>Тақырыбы: «Бау-бақшада, бақтарда»</p> <p>Мақсаты: балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу, сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу, еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.</p> <p>Д/о: «Жемістер мен көкөністерді ажырат»</p> <p>Ойын шарты: сөйлеуді дамыту жемістер мен көкөністерді атап, олар қайда өсетінін анықтап, ағаштарға жемістерді және әр жүйектерге көкөністерді орналастыру.</p> <p>-Жемістер қайда өседі? -Ал көкөністер ше?</p>	05.0 8

2-апта (08.08-12.08) «Менің ғажайып әлемім

<p>«Менің нәзік достарым»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Әдемі гүл» Мақсаты: Гүлдермен таныстыру, олардың бөліктерін атай білуге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. Балаларды өсімдіктерді күту іс- әрекетіне баулу. Өсімдіктердің құрылысы, маңызы туралы ұғымдарын анықтау. Гүлдердің атауымен таныстыру..</p> <p>Ойын шарты: Суретпен жұмыс. Ретімен қалай жапсыру керектігін түсіндіру. Гүлі, сабағы, жапырағы, тамыры</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Музыка» Тақырыбы: Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес Мақсаты: Д/о: Ойын шарты:</p>	<p align="center">08.08</p>
<p>«Менің адал достарым»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Менің кішкентай достарым» Мақсаты: баланың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, ақыл - ой, адамгершілік, имандылық тәрбиелеу. ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балалардың үй жануары – мысық, ит туралы әңгімелей білуге үйрету. Балалар ит адамның досы, оны жәбірлеп ұруға болмайды. Ол біздің, үйімізді, ауламызды күзетеді.</p> <p>Сұрақ жауап ойыны: Ит үйде тұра ма, әлде аулада ма? Ит адамға қалай көмектеседі? Мысықтың баласын біз «мысықай» деп атаймыз. Балалар, мысық қайда тұрады? Ол немен ойнағанды ұнатады?</p>	<p align="center">09.08</p>

	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу» Тақырыбы: ««Мысықтың ыдысы»» Мақсаты: Мысық туралы түсініктерін кеңейту, ол туралы балалардың өздеріне әңгімелету, ермексазды домалақтап, ортасын қуыстау машығын дамыту, сондай-ақ шыдамдылыққа, төзімділікке, үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. «Шатасқан жіп» ойынын ұйымдастыру. -Балалар, мысық жіппен ойнағанды жақсы көреді. Әженің ұршығындағы жіпті шатастырып тастапты. Сол жіптің шатасқанын жазып беруге көмектесейік. Ойын барысы: шатасқан жіпті жазуға тырысу.</p>	
«Кітап білім бұлағы»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру» Тақырыбы: «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» Мақсаты: Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс – әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру.Қазақ халқының ерлік – жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хан батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу; Қ/о: Ойын: Ұлттық ойын «Бәйге» Ойынның шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді. Екі топтың балалары (арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс. Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру» Тақырыбы: «Кітапша.» Мақсаты: кітап туралы білімдерін бекіту, кітаптың пайдасы туралы айту. Кітапша жасауда пішінді дұрыс таңдауға үйрету, қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Көрме :Топта кітап көрмесін ұйымдастыру</p>	10.0 8

<p>«Ұлттық бұйымдар»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Жаратылыстану» Тақырыбы: «Әшекей бұйымдар»</p> <p>Мақсаты: Балаларға әшекей бұйымдар туралы жан-жақты түсінік беру оның пайдасын түсіндіру. Балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру. Балаларды ұлттық салт-дәстүрлерді, әдеп-ғұрыптарды, бұйымдарды құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Қосылған затты ата..» Ойын шарты: Үстел үстінде бірнеше әшекей бұйымдары тұрады. Балалар көздерін жұмады. Сол кезде 1 зат қосылады, қандай зат қосылғанын табулары керек.</p>	<p>11.0 8</p>
<p>«Мамандықтар»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Сурет салу» Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы бәрі маңызды.»</p> <p>Мақсаты: Балаларға түрлі мамандықтар туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге тәрбиелеу. Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, еңбектерін құрметтей білуге тәрбиелеу. Сурет салу кезінде түстерге мән беру. Саусақ, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту</p> <p>Қ/о: «Кім болам?» Ойын шарты: Шарты: Балаларға болашақта қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайда келтіретіндіктерін әңгімелету.</p>	<p>12.0 8</p>

Өткізілетін шаралардың	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі
------------------------	---------------	----------------

атаулары		
3-апта (15.08-19.08) Өнер көзі халықта		
«Қуыршақ театры»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» « Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі(қуыршақ театры) Мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін күшейту. Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу. Баланың сөздік қорын дамыту, ертегі кейіпкерлерін ажырата білуге үйрету, балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Ертегі кейіпкерлерін ата» Ойын шарты: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту ,ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету,балалардың танымдық қасиетін дамыту, логикалық ойлау, есте сақтау, ойдан құрастыру қабілетін дамыту. Ертегінің жағымды кейіпкерлері арқылы адамгершілікке, жаман әрекет иелері іс-әрекеттері арқылы жамандықтан жиренуге тәрбиелеу.</p> <p>Ұ.ОҚ: «шығармашылық» « Музыка» Тақырыбы:Музыка жетекшісінің жоспарымен</p>	15.08
«Қазақ ертегілері»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» « Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегім. «Құмырсқа» қазақ халық ертегісі. Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіру, әңгімелеуге, саусақ театры арқылы сахналауға үйрету.Жәндіктердің басты белгілері мен айырмашылықтарын түсіндіру. Сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту. Достыққа, бірлікке тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «Дыбысын сал » Ойын шарты: Жәндіктердің суретін іліп, әрбір жәндікті атап, дыбысын салуды ұсынады. .</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» « Мүсіндеу»</p>	16.08

	<p>Тақырыбы: «Алдаркөсе мен бай »</p> <p>Мақсаты: Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға, суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын тыңдауға деген қызығушылығын арттыру. Слайдтағы суреттер бойынша ертегілерді еске түсіріп, тұзды қамырдан ертегі кейіпкерлерін қалай жасалатынын түсіндіру. Мүсіндеу әдіс - тәсілдерін пайдалану арқылы алақан арасына салып дөңгелектеу. Қолдың, алақанның ұсақ саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.</p> <p>Д/о: «Атауын тап!»</p> <p>Ойын шарты: Қима қағаздарға әр ертегілердің суреттері бейнеленген. Балалар қағаздарды құрастырып ертегінің атын табуы қажет.</p>	
«Құрастырғыштар мекені»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру»</p> <p>Тақырыбы: «Өрмелеу, еңбектеу, жүру. »</p> <p>Мақсаты: Балаларға жүрудің, жүгірудің, өрмелеудің, еңбектеудің қарапайым дағдыларын үйрету. Баланың эмоционалдық көңіл - күйін еркін білдіруіне қолайлы жағдай туғызу. Ойын арқылы белсенділігін арттырып, психогимнастикалар арқылы баланың ішкі жан дүниесін сезінуіне мүмкіндік туғызу, балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Қ/о «Күн мен түн»</p> <p>Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.</p> <p>Ойын шарты: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	17.08

	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру» Тақырыбы: «Роботтар әлеміне саяхат » Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балаларды ғылыми-техникалық шығармашылыққа баулу. Мұндай қызмет түрі барысында бала техникалық конструкциялау негіздеріне қосылады, оның шығармашылық белсенділігі мен дербестігі, мақсатқа жету және танымдық іс-әрекеттерге қабілеттілігі дамиды. Сонымен қатар, модельдеуге және құрастыруға қызығушылық дамиды. Д/о: «Роботтар» Ойын шарты: : геометриялық конструктордан роботтар құрастыру.</p>	
«Ою-өрнек күні»	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Құрастыру» Тақырыбы: «Ою – өрнек сәніміз.» Мақсаты: Балаларды халық мәдениетіне үйрету. Балаларды ою – өрнек түрлерімен таныстыру. Ою - өрнек салу арқылы қолды жаттықтырып балалардың шеберлігін ұштау. Балалардың есте сақтауын, жылдамдық, шапшаңдық қасиеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жұмыс үстінде ұқыптылыққа, сұлулыққа жинақылыққа назар аудара отырып, эстетикалық тәрбие беру Д/о: Ойын: ««Киіз үй бөліктерін ата»» Ойын шарты: баланың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату, танымдық қабілетін және ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту. Киіз үй және оның жасау – жабдықтары (шаңырақ, кереге, туырлық, маңдайша, сықырлауық т.б.) атай білуге үйрету. Ұлттық қолөнерді қадірлеуге тәрбиелеу. Ұ.ОҚ: «Таным» «Жаратылыстану» Тақырыбы: «Әжемнің сандығы .» Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері, сандық , кебеже және кигіз үй туралы мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорын молайту, ұлттық</p>	18.08

	<p>сана-сезімін ояту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Әжемнің сандығын оюлармен әшекейлеу.</p> <p>Сұрақ-жауап ойыны Ойын шарты: Сандықты неден жасайды? -Ол сандықты не үшін қолданамыз? -Үйлеріңде сандық бар ма?</p>	
«Ел іші өнер кеніші»	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Сурет салу» Тақырыбы: «Ел іші - өнер кеніші» Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Тәрбиеленушілерді әсемдікті тани білуге баули отырып, эстетикалық ой — өрісін кеңейту, өз ұлтының өнеріне деген мақтаныш сезімін сыйлау, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларға Тайқазанның суретін салудың үлгісін көрсету.</p> <p>Мақал жаттау “Өнер – таусылмас азық, жұтамас — байлық”</p> <p>Ұ.ОҚ: «Әлеумет» «Қоршаған ортамен таныстыру» Тақырыбы: «Өнер көзі халықта » Мақсаты: Балаға ою элементтерін әдемі өрнектерді құрастыра білуге тәрбиелеу. Қазақ халқының қол өнері туралы түсініктерін дамыту. Түстердің үйлесімділіктеріне қарай отырып пішініне, көлеміне қарай үйрету</p> <p>Д/о: «Сиқырлы қоржын » Ойын шарты: Қоржынның ішіне үй құстарының, төрт түліктің кішкентай ойыншықтары салынған. Балалар, ойын шарты бойынша біреуін алып,</p>	19.08

	соған сипаттама беруі керек. Балалар құрал жабдықтарды пайдаланып жұмысқа кіріседі.	
4-апта (22.08-31.08) «Ғажайыптар әлемінде»		
«Балабақша үйіміз»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Балабақша – біздің екінші үйіміз» Мақсаты: Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру (медбике, аспаз). Балабақшаның балаларды көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру. Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. Балаларды мейірімді болуға баулу.</p> <p>Д/о: «Ойыншықтарды тап!» Ойын шарты: Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады (екі бірдей биіктікте және тағы екі түрлі...). Белгі берілгенде балалар іздей бастайды. Ойыншықты тапқан соң, тәрбиешінің сол жағына тұрады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады. Мәселен, «екі бірдей шырша» және «қуыршақтың ұзын шаштысы қысқа шашты қуыршақтың қасында тұр».</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Музыка» Тақырыбы: Музыка жетекшісінің жоспарына сәйкес Мақсаты: Д/о: Ойын шарты:</p>	22.08
«1,2,3 бойға жинап күш»	<p>Ұ.ОҚ: «Қатынас» «Сөйлеуді дамыту» Тақырыбы: «Бірінші байлық – денсаулық» Мақсаты: Денсаулықты сақтау үшін, денсаулық ережелерін білу.</p>	23.08

	<p>«Денсаулық - зор байлық», «Дені саудың – жаны сау»-деген қағидаларды бала бойына сіңіру. Балаларды салауатты өмір салты туралы түсініктерін бекіту. Денсаулық дегенді қалай түсінесіңдер? Ал, балалар денсаулықты күту үшін не істеуіміз керек (ауырмау) Дұрыс киіну дұрыс тамақтану, үстімізді таза ұстау.</p> <p>Д/о: «Тазалықтың достарын ата» Ойын шарты: тазалық бұйымдарын атау. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 4-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Мүсіндеу» Тақырыбы: « Мен жаттығу жасаймын» Мақсаты: Ермексазды дұрыс қолдану, ширатуға үйрету. Мүсіндеуге деген қызығушылықты арттыру. Мүсін жасауда балаға балшықтың, ермексаздың кесегін қайта өзгертуге, алуан түрлі формалар алуға, бейнелер жасауға мүмкіндік беретіндей қол қимылдарын дамыту қажет. Балалар бірте-бірте үлкен балшықтан ұсақ кесек балшықтарды үзіп алуды, түзу қимылмен шиыршықтауды, айналма қозғалыстар жасауды игереді. Мүсін жасау техникасын меңгеру қол қимылының дамуына жәрдемдеседі және балалардың шығармашылығын дамытуға мүмкіндік береді.</p> <p>Д/о: «Көңіл-күйін ата» Ойын шарты: Көңіл-күйін атай, ажырата білуге үйрету. Қадағалауға , дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Әр көңіл- күйінің дұрыс-бұрыс жақтарын айтып түсіндіру.</p>	
«Менің Қазақстаным»	<p>Ұ.ОҚ: «Денсаулық» «Дене шынықтыру» Тақырыбы: «Түрлі түсті доптар»</p>	24.08

	<p>Мақсаты: Негізгі қимылдарды орындау дағдыларын біледі. Спорттық ойындар элементтерін орындай алады, нысанаға допты тигізе алады, допты басынан асыра екі қолымен лақтыра, жалғастыра алады. Жіп астымен еңбектегіп, еңкейіп өте алады.</p> <p>Қ/о: ««Үлкен-кіші»»</p> <p>Ойынның шарты: -Қолымда бір үлкен, бір кішкентай доп бар, үлкен допты көтерсем тұрасыңдар, кішкентай допты көтерсем отырасыңдар. Кім шатасады, сол ойыннан шығады, түсінікті ме балалар? Кім жеңімпаз болады екен?</p> <p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Жапсыру»</p> <p>Тақырыбы: «Көк ту»</p> <p>Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру. Патриоттық сезімге тәрбиелеу, балалардың ой-өрісін кеңейту және Отанға деген махаббатты арттыру. Туған жерінің табиғатын, елін, жерін, отбасын сүйу. Еліміздің байлығын қорғауға, егемен елімізді өркендетуге болашақ Қазақстанның білімді ұрпағы болуға тәрбиелеу. Тудың түсі қандай? Тудың ортасында күн бейнеленген астында қалықтаған қыран құстың суреті бейнеленген, ал сол жақ шетінде ұлттық ою өрнектелген.</p> <p>Д/О: «Қай елдің туы»</p> <p>Мақсаты: Басқа да мемлекеттердің туларының ішінен өз туымызды дәл тауып көрсету.</p>	
«Атам менің шежіре»	<p>Ұ.ОҚ: «Таным» «Құрастыру»</p> <p>Тақырыбы: «Домбыраның үні»</p> <p>Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық аспабы домбырамен таныстыру. Өнер туралы ойларын тиянақтау. Күйді тыңдай отырып, ұлттық танымын көтеру берілген құрастырма қағаздардан домбыра құрастыруға үйрету. Құрастыру әдістерін қалыптастыру, әдемілікке тәрбиелеу.</p>	25.08

	<p>Балаларды отан сүйгіштік сезімге баулып, ата-бабамыздың бай мұрасын құрметтей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Д/о: «кім жылдам?»</p> <p>Ойынның шарты: балалар мен сендерге заттарды атаймын, ал сендер солардың ішіндегі тек қана қазақтың ұлттық аспаптарын атағанда ғана қолдарыңды көтересіңдер.</p> <p>Ұ.ОҚ: «Таным » «Жаратылыстану »</p> <p>Тақырыбы: «Жеті атаңды білесіңбе? »</p> <p>Мақсаты: Балаларға жеті ата туралы түсінік беру. Қажетті заттармен жұмыс жасағанда ұқыптылыққа баулу. Жеті ата. Әр адам өзінің жеті атасын білмеген жетесіз деп айтқан. Ойнап – күліп жүру керек,</p> <p>Ойнап – күліп тұру керек. Жеті жасқа жетпей бала Жеті атасын білу керек. Қанеки кім жеті атасын біледі? Ата, әке, бала, немере, шөбере, немене, шөпшек Дұрыс айтасыңдар. Міне жеті ата деген үлкен-үлкен бір шаңырақ</p>	
<p>«Ата заңым айбыным»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық » «Сурет салу»</p> <p>Тақырыбы: «Айбары асқақ-ата заң »</p> <p>Мақсаты: Балаларға Ата заңымыз туралы, Тәуелсіздік туралы, рәміздеріміз туралы түсінік беру. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, елжандылыққа тәрбиелеу; Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.</p> <p>Балалардың қиялын, көркемдік талғамын дамыту. Бояу түстерін пайдалануға дағдыландыру. өз Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыра</p>	<p>26.08</p>

	<p>отырып, туған жері мен елін сүйеге, оларды қорғай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу.</p> <p>Тақпақ жаттау. "Әлем сүйген салтымыз бар" Әлем сүйген салтымыз бар Бейбітшілік - ел ұраны, Өмір сүйген халқымыз бар. Бейбіт елдің біз ұраны.</p> <p>Ұ.ОҚ: « Әлеумет» «Қоршаған ортамен таныстыру » Тақырыбы: «Ата Заңым – ардағым » Мақсаты:Балаларға еліміздің рәміздерін қастерлеп, өз Отанын сүйеге,халқымыздың әдет ғұрпы, салт- дәстүрін сақтап, Ата заңымызды құрметтеп,ұлтжандылыққа ,достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бейнесюжет көрсету: «Ата заңымызды білейік» Ал енді Ата заңда әрбір азаматтың борышы,басқа азаматтардың мемлекеттегі,ұлттар мен халықтардың достығын нығайту деп көрсетілген.</p>	
<p>«Қош бол жайдарлы жаз»</p>	<p>Ұ.ОҚ: «Шығармашылық» «Сурет салу» Тақырыбы: ««Қош бол жайдарлы жаз!»»</p> <p>Мақсаты: Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту Сурет бойынша жаз айының мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдыландыру.Тіл мәдениетін қалыптастыру. Жаз мезгілі,жазғы ойындар,жазғы табиғат,жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Танымдық, шығармашылық қасиеттерін,тілін,сөздік қорын дамыту.Балалардың қызығушылығын арттыру Табиғатқа, қоршаған ортаға деген</p>	<p>31.08</p>

сүйіспеншілігін арттыру.

Жұмбақ жасыру:

Бау-бақшада барша жұрт

Саңқылдаған саз әні

Көлде құстың базары

Жидек пісіп толады.

Бұл қай кезде болады?

Балалар: Жаз мезгілі.

Ұ.ОҚ: «Әлеумет» «Қоршаған ортамен таныстыру»

Тақырыбы: «Қош бол Жаз! »

Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшелігін басқа жыл мезгілдерімен салыстыру, жеміс-жеидек, көкөністер туралы түсінік беру, балалардың жазғы демалысын көңілді өткізуге, ойын-сауыққа қызығушылықпен қатысуға дағдыландыру.

Д/о: «Кім жылдам »

Ойын шарты: Сұрақ-жауап ойыны

Жаз мезгілі неше айдан тұрады?

Балалар: Үш айдан тұрады

қандай айлар атап айтайық?

Балалар: Маусым, Шілде, Тамыз.